

Жүнісбек Ә., Сейтказы Е.

**Қазақ тіліндегі ілік
септіктің буын тұрқы мен
дыбыс құрамы**

Мақалада қазақ тілінің морфем тұрқы жайлы мәлімет беріледі. Үндесім тілдерде морфема тек буын деңгейінде ғана болатыны ескеріліп, оқулықтар мен оқу-құралдарында кездесетін дәстүрлі дауыссыз морфеманың мүмкін еместігі көрсетіледі. Ілік септік қосымшаларының жасалым (артикуляция) және айтылым (перцепция) құрылымының орфография-орфоэпиялық талданымы жасалды. Қазақ тіліндегі ерін үндестігіне қатысты емле-ереженің салдарынан ескерілмей келген еріндік әуезді үлгілері анықталды. Соның нәтижесінде ілік септік қосымшаларының құрамына едәуір өзгерістер енгізіліп, сан мөлшері артты. Ілік септік қосымшалары жасалым-айтылым тұрғысынан кешенді түрде талданып, барлық үндесім үлгілерінің көрнекі интерактив слайд-модельдері құрастырылды, әдеби мәтіндерден мысал келтірілді. Қосымшалардың жуан/жіңішке, еріндік/езулік әуездерінің арасындағы айырым-ортақ (дифференциал) белгілерінің жүйелі талданымы берілді.

Түйін сөздер: қосымша, буын, дыбыс, ілік септігі, артикуляция.

Zunisbek A., Seitkazy E.

**Properties of a syllable of
genitive case and sound structure
in the Kazakh language**

The article gives a preliminary analysis of the value of the linear morpheme in the Kazakh language. In synharmonic languages morpheme is realized only at the level of style, so in the presence of the Kazakh language consonant morphemes, which traditionally celebrated in all textbooks and teaching aids, not really. Further identified and described spelling and pronouncing articulatory-perceptual structure affixes genitive (ilik septik). Revealed unnoticed due to the existing spelling rules of labial harmony in the Kazakh language versions of labial affixes. Thus the number of members has grown affixes genitive. In conclusion drawn visual interactive slide model with a complex articulation, perceptual synharmonic descriptions of all options and examples of the literary text. A systematic analysis of the differential between the signs synharmonic hard / soft labial / neogublenymi options affixes.

Key words: affix, syllable, sound, articulation, genitive case.

Жунисбек А., Сейтказы Е.

**Свойства слога родительного
падежа и звуковой состав
в казахском языке**

В статье дается предварительный анализ линейной величины морфем в казахском языке. В сингармонических языках морфема реализуется только на уровне слога, следовательно в казахском языке наличие согласных морфем, которые по традиции отмечаются во всех учебниках и учебно-методических пособиях, не реально. Далее определены и описаны орфографическая и орфоэпическая артикуляционно-перцептивные структуры аффиксов родительного падежа (ілік септік). Выявлены не замеченные в силу существующих орфографических правил губной гармонии в казахском языке лабиальные варианты аффиксов. Таким образом выросло количественный состав аффиксов родительного падеже. В заключение составлены наглядные интерактивные слайд-модели с комплексными артикуляционно-перцептивными описаниями всех сингармонических вариантов и примерами из художественного текста. Проведен системный анализ дифференциальных сингармонических признаков между твердым/мягким, огубленным/неогубленными вариантами аффиксов.

Ключевые слова: аффикс, слог, звук, родительный падеж, артикуляция.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ІЛІК СЕПТІКТИҢ БУЫН ТҰРҚЫ МЕН ДЫБЫС ҚҰРАМЫ

Қазақ тілінің қосымшаларын (жалғауларын) қазақ тілінің буын тұрқынан тыс қарауға болмайды. Өйткені қазақ тілінде морфема буыннан кіші болмайды деген пікір бар [1, 23]. Әрине бұл – өз алдына қаралатын теориялық мәселе. Дегенмен қысқаша тоқталып өтуге болады. Қазақ (түркі) тілі үндесім (сингармологиялық) тіл, ал тілдің үндесім белгісі тек буын деңгейінде ғана көрінеді. Дауысты дыбыстар жеке тұрып буын құрай алатын болғандықтан, қазақ тілінде дауысты морфемалар кездесе береді. Дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайтын болғандықтан, қазақ тілінде дауыссыз морфемалардың болуы мүмкін емес. Ендеше қазақ грамматикаларындағы кейбір дауыссыз морфемалардың кездесіміне күманмен қарап, оның теориялық шешімін қарастыру керек [1, 32]. Себебі қазақ тілінің қосымшаларының құрамында дауыссыз морфемалар ақиқат көрсетіліп отырады. Алайда қарастырылғалы отырған ілік септігінің құрамында дауыссыз морфем үлгісі жоқ болғандықтан, дауыссыз морфем мәселесіне тоқталмай өтіп кетеміз.

Ілік септігінің тұрқы толық морфем-буын болып табылады. Қазақ (түркі) буынының өзіндік, үнді-европа тілдерінен өзгеше, ерекшелігіне бұрын да тоқталған болатынбыз. Қазақ буынының табиғатына қатысты тың көзқарас болғандықтан тағы да қайталай түсуге тура келеді.

Қазақ тіліндегі дыбыстар өз ара артикуляциялық үйлесімін тапқанда ғана бір бірімен тіркесіп, бір буынға (сөзге) біріге алады. Ол үшін бір буынның (сөздің) құрамындағы дыбыстардың үйлесім белгілері бірдей болу керек (төменде модельдеп көрсететін боламыз). Сонда ғана қазақ тіліндегі буын (сөз) біркелкі үйлесім әуезбен айтылады, сөйтіп қазақ сөзі қазақы жатық естіледі. Өйткені қазақ сөзінің үйлесім құрылымы мен үйлесім естілімінің арасында тікелей байланыс бар. Басқаша айтқанда, сөздің үйлесім жасалымынан (артикуляциясынан) үйлесім естілім (перцепция) туындап, сөз табиғи (акцентсіз) қабылданады. Қазақ тілінде буын құрамындағы дыбыстары бөлшектеуге келмейтін, тұтас бірлік болып табылады. Жол-жөнекей ескерте кетейік, қазақ (түркі) тілінің өзге үнді-европа тілінен өзгешелігі де осында, мысалы, орыс тілінің буын құрамындағы дыбыстар еркін ыдырай береді.

Академиялық «Қазақ грамматикасында» «Септелу деп сөздердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесу үшін септік жалғауын қабылдап, грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуін айтады... Грамматикалық... топқа жататын жалғаулардың негізгі қызметі – тәуелділікті (ілік септік), істің, қимылдың объектісін білдіру» [2, 456] деген мәлімет беріледі. Септік жалғаудың басты қызметі сөйлем ішіндегі сөздердің басын біріктіру болып табылатындығы атап көрсетіледі. Сонымен септік жалғаудың басты қызметі сөз бен сөзді байланыстырудың дәнекері болса, ілік септіктің үстеме қызметі меншікті тәуелділік болып табылады.

Ілік септіктің жалғаулар құрамы: «Ілік септік... зат есім сөзге *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің* жалғауларының жалғануы арқылы жасалады... Ілік септігі жалғауының сөзге қосылған кезде беретін бірден-бір мағынасы иелік, меншікті білдіру» [2, 456] деп көрсетілген. Қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдары түгелдей осы үлгіні ұстанады.

Проф. Қ. Жұбанов қосымшаларды талдай келіп, «Екінші түрі – жаңа мағына үстегеннің үстіне, ол сөзді басқа бір сөзбен байланыстырады. Осы соңғы түрі қашаннан қазақ грамматикаларында жалғау деп келінген. Бұл аты затына жанасады да. Сондықтан, оны өзгертудің, орнына басқа термин алудың ешбір қажеттілігі де, қолайлылығы да жоқ. Оны біз де өзгертпей жалғау деп алдық» [3, 238] деп қосымшаның бұл түрі қызметіне қарай жалғау деп аталу керек екенін көрсетеді.

«Қосымша» атауын алғаш А. Байтұрсынұлы ұсынған: «Қосымшалар дегеніміз сөз емес, сөзге жалғанатын буындар. Бұларда өз алдына мағана жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды да, сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады... Жылқы деген сөзге... «ның» қосымшаны қосып байқайық... сөздің тұлғасы өзгерілді, мағанасы өзгерген жоқ» [4, 25]. Осындағы «сөзге жалғанатын буындар» деген анықтама, жоғарыдағы біз сөз еткен, қазақ тіліндегі буын мен морфеманың теңдесін көрсетіп тұр. Сонда А. Байтұрсынұлы қазіргі буын мен морфема теңдестігіне арналған теорияның бастау көзінде тұрғанын айту керек болады.

Септік жалғаулар сөздердің үйлесуіне сеп болады деп жалғаулардың қызметіне берілген анықтаманы да ғалым еңбегінен табуға болады.

А. Байтұрсынұлы ілік септігін (жалпы қосымшаларды) атағанда оның тек «дың» вариантын негізге алады, сөйтіп қосымшаның өзге варианттарын тізіп жатпайды. Қосымшалардың

атауына байланысты өзіндік жаңалық екенін ескеру керек.


Қазақ тілінің орыс мектептеріне арналған оқулығын дайындау үстінде морфологияның белгілі маманы проф. Ы. Маманов: «Ілік септік... образуется путем присоединения к основе аффиксов: а) *-ның/нің* после конечных гласных и носовых сонорных *м, н, ң...*; б) *-дың/дің* после конечных звонких и звуков *р, л, й, и, ю...*; в) *-тың/тің* после конечных глухих и звуков *б, в, г, д...*» [5, 281] деп ілік септік қосымшаларының құрамын көрсетумен қатар, олардың түбір сөзбен тіркесім ретін жіктеп береді.

Жоғарыдағы авторларға тән бір ерекшелік *б, в, г, д* әріптеріне қатысты. Қазақ тілінде сөз соңында [b], [v], [g], [d] дауыссыз дыбыстары кездеспейді. Олардың сөз соңындағы жазылымы мен айтылымын өзара шатыстырмау керек. Сөз соңында ұяң [b], [v], [g], [d] дауыссыздары емес, қатаң [p], [f], [k], [t] дауыссыздары тұр. Сондықтан да *б, в, г, д* әріптеріне (дыбыстары емес) аяқталған сөздерге қосымшаның *-тың, -тің* үлгісі жалғанады. Ендеше «ұяң *б, в, г, д* дыбыстарынан кейін *-тың, -тің* қосымшалары жалғанады» деген ереженің жаңсақ екенін ескеріп, арнайы әдістемелік жаттығу ұйымдастыру қажет. Өйткені қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарының бәрінде осы ереже сақталған.


Жоғарыда қазақ тілінде буын құрамындағы дыбыстардың артикуляциясы бір-бірімен тұтасып жасалып айтылатындығы, соның нәтижесінде біркелкі әуезбен естілетіні (перцепциясы) ескерілді. Ендеше буын құрамындағы дыбыстардың артикуляциясы (жасалымы) мен перцепциясы (естілімі) арасы үзілмей, тұтас ұласып жатады.

Қазақ тілі қосымшаларын модельдеу үшін алдымен қосымша (буын) құрамындағы дыбыстардың негізгі және үстеме жасалым-естілім (артикуляция-перцепция) белгілерін анықтап алу керек болады. Негізгі белгі деп белгілі бір дыбыстың барлық түрленім үлгілеріне ортақ (тән) жасалым-естілім анықтамасын айтамыз. Үстеме белгі деп сол дыбыстың белгілі-бір түрленім үлгісіне ғана тән жасалым-естілім анықтамасын айтамыз. Сонда ортақ белгі дыбыстың барлық түрленім үлгілерінде кездесе береді, үстеме белгі тек бір түрленім үлгісінде ғана кездесіп, өзге түрленім үлгілерінде кездеспейді.

Буын құрамындағы дыбыстардың үндесім әуезі мен үйлесім түрленімінің жасалым-естілім сипаттамасын (алғаш ұсынған проф.Ә. Жүнісбек) «Қазақ фонетикасының» мәліметтеріне арқа сүйіп алдық.



жоғарылы, қысаң езулік, кейінді құрақ
жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінік құрақ
жоғарылы, ооғалерінік, кейінік құрақ
жоғарылы, ооғалерінік, ілгерінік құрақ



жоғарылы, қысаң езулік, кейінді құрақ
жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінік құрақ
жоғарылы, ооғалерінік, кейінік құрақ
жоғарылы, ооғалерінік, ілгерінік құрақ

Бір мақалада ілік септігінің барлық түрленім қосымшаларының жасалым-естілімін модельдеп жату мүмкін емес. Сондықтан жуан-жіңішкелі *-ның [nŋ]*, *-нің [niŋ]* үлгісін ғана талдап шығамыз.

Қосымшаның:

-бастау *n[n]* дыбысының негізгі жасалымы: жасалу орнына қарай – тіл ұшы, жасалу тәсіліне қарай – тоғысыңқы, дауыс қатысына қарай – тербелімді;

-келесі *ы[l]* дыбысының негізгі жасалымы: тілдің көлденең қалпына қарай – тіл арты, тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – езулік;

-соңғы *ң[nŋ]* дыбысының негізгі жасалымы: жасалу орнына қарай тілшік (тіл ортасы), жасалу тәсіліне қарай – тоғысыңқы, дауыс қатысына қарай – тербелімді.

Біз қарастырып отырған ілік септік қосымшаларының оқу-әдістемелік құрамы *-ның [nŋ]*, *-нің [niŋ]* деп екі түрі ғана ескеріледі. Ал қазақ орфографиясында ерін үндестігі ескерілмегендіктен оның ақиқат *-нұң [niŋ]*, *нүң [niŋ]* үлгілері қалып келеді. Соның нәтижесінде септік қосымшаларының құрамы жартыкеш (төрт үлгінің орнына екі үлгі) көрсетіледі. Теория-практикалық, сондай-ақ оқу-әдістемелік тұрғыдан жансақ екенін ескеріп, септік қосымшаларының

ақиқат құрамын түгел қамтуға тырыстық: *-ның* [nɨŋ], *-нің* [niŋ], *-нұң* [nuŋ], *-нүң* [nüŋ].

Қосымшаның үстеме жасалым естілімі буын тұрқына түгел тән болады:

-ның [nɨŋ] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – кейінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – езулік;


-нің [niŋ] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – ілгерінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – езулік;

-нұң [nuŋ] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – кейінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – еріндік;


-нүң [nüŋ] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – ілгерінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – еріндік;

Дыбыстың түрленім үлгілерінің арасындағы айырым-ортақ белгілер жүйесі күрделі болып келеді, өзара салыстырып шығайық:

-ның [nɨŋ] – кейінді, жоғарылы, езулік;



жоғарылы, қысаң езулік, кейінді құрақ
жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді құрақ
жоғарылы, доғал еріндік, кейінді құрақ
жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді құрақ



жоғарылы, қысаң езулік, кейінді құрақ
жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді құрақ
жоғарылы, доғал еріндік, кейінді құрақ
жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді құрақ

-нің [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;
 -нұң [niŋ] – кейінді, жоғарылы, еріндік;
 -нүң [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
 Кез-келген екі жұбы бір не екі айырым белгі арқылы түрленеді екен, бәріне ортақ бір жоғарылы белгісі бар. Әрбір жұбын жеке-жеке талдап өтейік:
 -ның [niŋ] – кейінді, жоғарылы, езулік;
 -нің [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;
 Кейінді/ілгерінді белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.
 -ның [niŋ] – кейінді, жоғарылы, езулік;
 -нұң [niŋ] – кейінді, жоғарылы, еріндік;
 Езулік/еріндік белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.
 -ның [niŋ] – кейінді, жоғарылы, езулік;
 -нүң [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
 Кейінді/ілгерінді, езулік/еріндік белгілері (екі жұп) арқылы түрленеді.

-нің [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;
 -нұң [niŋ] – кейінді, жоғарылы, еріндік;
 Ілгерінді/кейінді, езулік/еріндік белгілері (екі жұп) арқылы түрленеді.
 -нің [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;
 -нүң [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
 Езулік/еріндік белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.
 -нұң [niŋ] – кейінді, жоғарылы, еріндік;
 -нүң [niŋ] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
 Кейінді/ілгерінді белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.
 Ілік септігі қосымшаларының талданымы оның еріндік түрленім үлгілерінің де қосымша жүйесіне ақиқат енетінін көрсетеді. Ендеше септіктің барлық түрленім үлгілерін оқу-әдістемелік тұрғыдан ескеріп отыру керек болады.
 Көрнекілік ретінде интерактив слайд үлгілерін келтіріп отырмыз.

Әдебиеттер

- 1 Жүнісбек А. Введение в сингармоническую фонетику. – Алматы: Арыс, 2009. – 109 б. – Б. 23.
- 2 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б. – Б. 456.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: МТДИ, 2010. – 607 б. – Б. 238.
- 4 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 639 б. – Б. 25.
- 5 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 482 б. – Б. 281.
- 6 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 308 б. – Б. 118.

References

- 1 Zhwnisbek A. Vvedeni''e v si''ngarmoni''cheskwyu foneti''kw. – Almati': Ari's, 2009. – 109 s. – B. 23.
- 2 Qazaq grammati''kasy. – Astana, 2002. – 783 b. – B. 456.
- 3 Zhu''banov Q. Qazaq tili zho'nindegi zerttewler. – Almati': MTDI'', 2010. – 607 b. – B. 238.
- 4 Bai''tu''rsi''nu''li'A. Qazaq til biliminin ma'seleleri. – Almati':Abzal-Ai', 2013. – 639 b. – B. 25.
- 5 Mamanov I'. Qazaq til biliminin ma'seleleri. – Almati': Ari's, 2007. – 482 b. – B. 281.
- 6 Zhu'nisbek A'. Qazaq foneti''kasi'. – Almati': Ari's, 2009. – 308 b. – B. 118.